

"Copper Union Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер участеклеріне жария сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 68/01 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69, 71-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Осакаров ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Copper Union Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2029 жылдың 16 маусымына дейінгі мерзімге жер участеклерін алып қоймай, Осакаров ауданының Родников ауылдық округі мен Жансары ауылдық округінің аумағында орналасқан жалпы ауданы 421,221 гектар жер участеклеріне жария сервитут белгіленсін.

2. "Copper Union Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер участеклерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шығындарын толық көлемде өтеуі қажет. Залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалсын.

3. "Осакаров ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз ету:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне енгізу және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау үшін қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберілуін;

2) осы қаулыдан туындастын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осакаров ауданының әкімі

P. Нұрмуханбетов

Осакаров ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "21" шілдедегі

Оларға қатысты жария сервитут белгіленуге жататын қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензияның 2023 жылғы 16 маусымдағы № 2039-EL шекарасындағы жер участкелерінің тізбесі

№№	Кадастрық номір	Участкенің орналасқан жері	Жария сервитут белгіленуге жататын участкелер бөліктегін ауданы (лицензия шекарасында), га
1.	09-137-037-084	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Жансары ауылдық округі , "ЕвразияИнвест Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	36,2780
2.	09-137-039-089	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Родников ауылдық округі , "Росток" шаруа қожалығы	234,96
3.	09-137-039-075	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Родников ауылдық округі , "Влад" шаруа қожалығы	149,983
БАРЛЫҒЫ			421,221